



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 04 ж. « 27 » ҚАҚТАР ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 1659-1900-А14

Бастапқы тіркелген күні
1994 ж. « 18 » мамыр



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 04 ж. « 27 » ҚАҚТАР ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 940540000429

Бастапқы тіркелген күні
1994 ж. « 18 » мамыр



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 11 ж. « 1 » наурыз

БҰРЫН 2004 ж. « 27 » ҚАҚТАР ТІРКЕЛДІ
№ 1659-1900-А4

Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу
және қадағалау агенттігімен келісілген.
Төрағасы (Төраға орынбасары)



17.01.2011 ж.

**"ҚАЗИНВЕСТБАНКІ"
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Акционерлердің жалпы
жиналысының
«10» желтоқсан 2010 жылғы
шешімімен бекітілген

Осы Жарғы бұдан кейін «Банк» деп аталатын «Қазинвестбанк» Акционерлік қоғамының құрылтай құжаты болып табылады және Банктің құқықтық мәртебесін, оның ұйымдасу және қызмет ету, қайта ұйымдасу және таратылу тәртібін, құқықтарын, міндеттерін, акционерлері мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен мүддесін қорғау талаптарын, Банктің органдары мен лауазымды қызметкерлерінің өкілеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк ісі туралы» Заңына (бұдан кейін – Банктер туралы заң), Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан кейін – АҚ туралы заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және жаңа нұсқасында бекітілген.

I-тарау. Жалпы қағидалар

1-бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:

- а) мемлекеттік тілде: "Қазинвестбанк" акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: Акционерное общество "Казинвестбанк";
- в) ағылшын тілінде: "Kazinvestbank" Joint Stock Company.

2. Банктің қысқаша атауы:

- а) мемлекеттік тілде: «Қазинвестбанк» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Казинвестбанк»;
- в) ағылшын тілінде: «Kazinvestbank» JSC.

2-бап. Банктің құқықтық мәртебесі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және іс-әрекет етеді.

Банк өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялары шығаратын қазақстандық заңды тұлға болып табылады. Банктің жеке меншік құқығында иеленетін оқшауланған мүлкі бар және сол мүлкімен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтар мен міндеттемелерді қабылдай және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының әділет органдарында Банк ретінде мемлекеттік тіркелуімен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі өкілетті орган (бұдан кейін - өкілетті мемлекеттік орган) берген банк операцияларын жүргізуге лицензиясының болуымен айқындалады.

2. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны – акционерлік қоғам.

3. Банктің меншік нысаны – жеке.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аймағында және одан тыс жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

5. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк әзірлейтін басқа да құжаттарды басшылыққа алады.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің («Қазинтербанк» ЖАҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 1998 жылғы 25 наурыздағы хаттамасы)

негізінде Банк «Қазақстандық интернационалдық банк» Жабық акционерлік қоғамынан (бастапқы мемлекеттік тіркеу күні – 1994 жылғы 18 мамыр) «Қазақстандық интернационалдық банк» Ашық акционерлік қоғамы (бастапқы мемлекеттік тіркеу күні – 1998 жылғы 25 наурыз) болып қайта құрылды. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен («Қазинтербанк» ЖАҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 1998 жылғы 25 наурыздағы хаттамасы) бекітілген Тапсыру актіне сәйкес Банк «Қазақстандық интернационалдық банк» Жабық акционерлік қоғамының барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша оның мирасқоры болып табылады.

7. Банктің «Қазақстандық интернационалдық банк» Ашық акционерлік қоғамы деген атауын «Қазинвестбанкі» акционерлік қоғамына өзгерту және Банк Жарғысының осы нұсқасы АҚ туралы заңның талаптары мен нормаларын орындау үшін, сондай-ақ Банктің атауын Банк қызметінің мақсаттары мен саласына сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылған.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының 2010 жылғы «10» желтоқсан шешіміне сәйкес Банк осы арқылы Жарғының жаңа нұсқасын қабылдайды.

3-бап. Банктің және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауап береді.

2. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайлардан басқа кезде өздеріне тиесілі акциялардың шегінде Банктің қызметіне байланысты залал көтеру тәуекелдігін көтереді.

4. Банктер туралы заңда көзделген жағдайлардан және Банк немесе мемлекет өзіне осындай жауапкершілік қабылдайтын жағдайлардан басқа кезде Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша, ал мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4-бап. Филиалдары мен өкілдіктері. Еншілес банктері.

1. Банктің Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде Банк өкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз Қазақстан Республикасының аймағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде өзінің оқшауланған бөлімшелерін – филиалды мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Банктің филиалы – Банктің заңды тұлға болып табылмайтын, Банк орналасқан жерден бөлек жерде орналасқан, Банктің атынан банк қызметін жүзеге асыратын және өзіне Банк берген өкілеттердің шегінде іс-әрекет ететін оқшауланған бөлімшесі. Банк филиалының Банкпен ортақ балансы, сондай-ақ Банктің атауына толық сәйкес келетін атауы бар.

3. Филиал бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аясында бірнеше мекенжайлар бойынша ғимараттарды иеленуге құқылы.

4. Банктің өкілдігі – Банктің заңды тұлға болып табылмайтын, Банк орналасқан жерден бөлек жерде орналасқан, Банктің атынан және оның тапсырмасымен іс-әрекет ететін және банк қызметін жүзеге асырумен айналыспайтын оқшауланған бөлімшесі.

5. Өкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болғанда Банк Банктер туралы заңның 8-бабы бойынша өзіне берілген өкілеттерді жүзеге асыру мақсатында еншілес ұйым құра алады немесе иелене алады.

6. Банктің филиалдары, өкілдіктері және еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының және аймағында өздері орналасатын мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

5-бап. Банктің реквизиттері

1. Банктің мөрі, бланкілері, эмблемалары және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да реквизиттері бар.

2. Банктің реквизиттері Банктің бір немесе одан көп жұмыс тілдерінде: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді.

6-бап. Банктің орналасқан жері

Банктің орналасқан жері Банк Басқармасы орналасқан жер болып табылады: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 172, 8-қабат.

II-тарау. Банктің қызметі

7-бап. Банк қызметінің мақсаты, түрлері және мерзімі

1. Банк қызметінің мақсаты табыс табу болып табылады.

2. Өкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болған кезде Банк банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да операцияларды жүзеге асырады. Өкілетті мемлекеттік орган берген лицензиясы болған кезде Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметпен айналысады. Осы Жарғыдағы «Қызмет» деген сөз банк қызметін, сондай-ақ соған байланысты немесе қатысы бар барлық қызметті білдіреді.

3. Банк ұлттық валютамен, сондай-ақ өкілетті мемлекеттік органның шетелдік валютамен банк операцияларын жүргізуге лицензиясы болған кезде шетелдік валютамен банк операцияларын жүргізеді.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданыстағы заңнама бойынша тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін өкілетті органдардың (лицензиарлардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болса, Банк мұндай қызмет түрін тек тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін және соған сәйкес жүзеге асырады.

5. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмейді.

III-тарау. Банктің мүлкі мен капиталы

8-бап. Банктің мүлкі

1. Банктің мүлкі өзіне жеке меншік құқығында тиесілі.

2. Банктің мүлкі:

- а) акционерлердің жарғылық капиталға жасаған салымдарының;
- б) қызметінің нәтижесінде алған табысының;
- в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздермен алынған мүліктің есебінен құралады.

9-бап. Банктің жарғылық және меншікті капиталы

1. Банктің жарғылық капиталы оның қызметін қамтамасыз ету үшін құрылтайшылардың акцияларға олардың атаулы құны бойынша төлем жасауы және акцияларды АҚ туралы заңның талаптарына сәйкес белгіленген орналастыру бағасымен инвесторларға сату арқылы жасақталады.

2. Акционерлердің жарғылық капиталға салымдары тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшадан құралады, егер Банктер туралы заңда өзгеше көзделмесе, және Банктер туралы заңға сәйкес жасалады.

3. Банк өз акцияларын құжатсыз нысанда шығарады. Бағалы қағаздарды құрылтайшылардың реестрлер жүйесін тәуелсіз тіркеуші жүргізеді.

4. Егер акционерлер өздерінің жарғылық капиталға үлестерін Банк белгілеген мерзімге дейін төлемесе, олар Банкке төленбеген сомаға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Тұрақсыздық айыбының мөлшері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептеледі.

5. Акционерді акцияларға төлем жасау, соның ішінде талаптармен өзара есептесу арқылы төлем жасау міндетінен босатуға болмайды.

6. Банктің меншікті капиталы – Банктің міндеттемелерінің сомасын шегеріп тастағандағы Банк активтерінің құны, мұнда активтердің құны Банк активтерінің бастапқы құнынан бұрын берілген қарыздар мен басқа да активтер бойынша қажетті резервтердің (провизиялардың) сомаларын алып тастау арқылы есептеледі.

Егер Банктің міндеттемелерінің сомасы оның активтерінің сомасынан асып кетсе, Банктің капиталы теріс болады.

10-бап. Банктің жарғылық капиталын өзгерту

1. Жарғылық капиталды өзгерту жарғылық капиталды арттыру арқылы жүргізіледі.

2. Банктің жарғылық капиталын арттыру АҚ туралы заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының немесе соттың шешімі бойынша ғана жарияланған акцияларды шығару және орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

11-бап. Банктің акциялары, облигациялары. Банктің бағалы қағаздарын орналастыру талаптары

1. Банк жай акциялар шығаруға құқылы.

Акция – Банк шығаратын және Банкті басқару, ол бойынша дивиденд пен Банк таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ АҚ туралы заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген басқа да құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

2. Акциялардың құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен сипатталады.

3. Акциялар бөлінбейді. Бір акция бірнеше тұлғаларға тиесілі болған жағдайда, олардың барлығы Банкке қатысты бір акционер деп танылады және өз құқықтарын жалпы өкіл арқылы жүзеге асырады.

4. Акцияларды ұстаушылардың реестрлер жүйесін жасау және жүргізу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Банк акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін жарияланған акциялар мөлшерінің шегінде бір немесе бірнеше орналастыру жүргізу арқылы өз акцияларын орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру аукцион немесе жазылу өткізу арқылы жүзеге асырылады.

6. Сатып алудағы басым құқықтарына сәйкес акцияларды алатын акционерлерді қоспағанда, Банк жазылу арқылы орналастыратын акциялар осы орналастыру шегінде, барлық тұлғалар үшін бірдей және Директорлар кеңесі белгілеген орналастыру бағасы бойынша сатылуы керек.

Акционерлер сатып алудағы басым құқықтарына сәйкес акцияларды Директорлар кеңесі белгілеген біртұтас орналастыру бағасы бойынша сатып алады.

7. Қосымша қаражат тарту үшін Банк Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

8. Облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару және сатып алу, олар бойынша табыс төлеу, оларды өтеу және оларды іске асырудан түскен қаражатты пайдалану талаптары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы бойынша айқындалады.

9. Банк айырбастауға болатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылықтың шегінде Банктің акцияларға айырбастауға болатын бағалы қағаздарын шығаруға болады.

Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді Акционерлердің жалпы жиналысы айқындайды.

12-бап. Банктің бағалы қағаздарын кепілге беру

1. Банктің акционерлері өздерінің меншігіндегі акцияларын кепілге қоюға құқылы.

2. Банктің акционері Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге және, егер кепіл шарттары бойынша басқаша көзделмесе, өзі кепілге берген акциялар бойынша дивиденд алуға құқылы.

3. Төмендегі жағдайларда ғана, яғни:

а) егер кепілге берілетін бағалы қағаздарға толық төлем жасалса;

б) Банкке кепілге берілетін және өзінде кепілде тұрған акциялардың жалпы саны Банктің өзі сатып алған акцияларынан басқа орналастырылған акцияларының 25 пайызынан артық болмаса;

в) кепіл туралы шартты Банктің Директорлар кеңесі мақұлдаса, Банк өзі шығарған бағалы қағаздарды кепілге алуға құқылы болады.

13-бап. Таза табысты бөлу тәртібі

1. Банктің таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Банктің резервтік капиталын құрауға (толықтыруға) жұмсалады, дивиденд түрінде акционерлер арасында бөлінеді, сондай-ақ Банкті дамытуға немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға жұмсалуды мүмкін.

2. Банктің резервтік капиталы Банктің таза табысының есебінен, оны дивиденд түрінде бөлуге және басқа мақсаттарға пайдалануға қарағанда басымдықпен, құралады (толықтырылады).

3. Банк Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарды орындай отырып, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін таза табыстың белгілі бір бөлігін лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерінің арасында дивиденд түрінде, соған қоса ақшалай сыйақы немесе акциялар түрінде бөлуге құқылы.

14-бап. Банктің резервтік капиталы мен қорлары

1. Резервтік капитал, күмәнді және үмітсіз қарыздар бойынша провизиялар қоры, негізгі құралдарды қайта бағалау қоры, бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры Банктің таза табысынан қаражат бөлу арқылы құралады (толықтырылады). Мұндай төлемдердің мөлшерін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

2. Резервтік капиталды, күмәнді және үмітсіз қарыздар бойынша провизиялар қорын, негізгі құралдарды қайта бағалау қорын, бағалы қағаздарды қайта бағалау қорын пайдалану тәртібін Акционерлердің жалпы жиналысы айқындайды.

3. Банктің қызметінің нәтижесінде немесе соған байланысты туындайтын шығындарды өтеу үшін Банк өкілетті мемлекеттік орган белгілеген мөлшерден кем емес мөлшерде резервтік капитал құрайды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарманың бастамасымен сәйкес осы бапта көрсетілгендерден басқа да мақсатты және арнайы қорлар құрылуы мүмкін.

15-бап. Банктің акциялары бойынша дивидендтер

1. Банктің акциялары бойынша дивидендтер ақшамен немесе Банктің бағалы қағаздары түрінде төленеді, бұл кезде артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендті есептемегенде, дивиденд төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылдануы шарт.

Банктің акциялары бойынша бағалы қағаздар түрінде дивиденд төлеу тек осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен төленеді деген шартпен акционердің келісімен ғана мүмкін болады.

Дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденд төленетін күннің алдындағы күні жасалуы керек.

2. Банктің акциялары бойынша дивиденд төлеу кезеңі акцияларды шығару жобасында айқындалады.

3. Банктің акциялары бойынша дивиденд төлем агенті арқылы төленуі мүмкін. Төлем агенті көрсеткен қызметтің ақысы Банктің есебінен төленеді.

4. Банк орналастырған немесе сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5. Төмендегі жағдайларда, яғни:

а) Банктің меншікті капиталының мөлшері теріс болғанда немесе Банктің меншікті капиталы оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде теріс болып қалса;

б) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік әлде дәрменсіздік белгілерін танытса немесе бұл белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде пайда болса, Банктің жай акциялары бойынша дивиденд есептеуге болмайды.

6. Банктің берешегінің пайда болу мерзіміне тәуелсіз, акционер өзі алмаған дивидендті төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтерді белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасымен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақшалай міндеттеме немесе оның бір бөлігі орындалатын күнге белгілеген ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелетін өсімпұл төленеді.

7. Тоқсанның немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ғана жүзеге асырылады. Жылдың қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының дивиденд төлеу туралы шешімі осындай шешім қабылданған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек.

9. Дивиденд төлеу туралы шешім АҚ туралы заңның талаптарына сай болуы керек.

10. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды меншігінен шығару, егер акцияларды меншігінен шығару туралы шартта басқаша көзделмесе, оларды акциялардың жаңа иесі алады деген шартпен жүзеге асырылады.

IV-тарау. Банктің акционерлері.

16-бап. Банктің акционерлері

1. Банктің акционерлері заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

2. Банк акционерлерінің саны мен құрамы шектелмейді.

17-бап. Банк акционерлерінің құқықтары

1. Банк акционерлерінің құқықтары:

- а) Акционерлік қоғамдар туралы заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Банкті басқаруға қатысу;
- б) Дивиденд алу;
- в) Акционерлердің жалпы жиналысында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Банктің қызметі туралы ақпарат алу, соған қоса Банктің қаржылық есепшілігімен танысу;
- г) Банктің тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
- д) Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін Акционерлердің жалпы жиналысына кандидаттар ұсыну;
- е) Банктің органдары қабылдаған шешімдерге қарсы сотқа жүгіну;
- ж) Банктің қызметі туралы Банкке жазбаша сұраныстар беру және Банкке сұраныс келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде негізді жауаптар алу;
- з) Банк таратылған жағдайда, оның мүлкінің бір бөлігін алу;
- и) заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа кезде, АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен Банктің акцияларын немесе оның акцияларына айырбастауға болатын басқа да бағалы қағаздарын басым құқықпен сатып алу;
- к) Банктің дауыс беруші акцияларының 30 және одан көп пайызын бір тұлға өз бетінше немесе бірнеше аффилиатталған тұлғалар бірігіп сатып алған жағдайда, сәйкес ұсыныс жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде өздерінің меншігіндегі Банк акцияларын сату туралы ұсынысты қабылдау және осындай ұсынысты жариялаған тұлғаның акцияларды сатып алудан бас тартқанына сот тәртібімен шағымдану;
- л) АҚ туралы заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен Банктен акцияларды сатып алуды талап ету.

2. Ірі акционерлер төмендегі құқықтарға да ие болады:

- а) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа талап арызсын беру;
- б) Директорлар кеңесіне АҚ туралы заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосуды ұсыну;
- в) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап ету;
- г) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап ету;
- д) Басқарма төрағасының лауазымына, келесі лауазымдардың кез келгеніне: қазынашы, тәуекелдік менеджері, бөлшектегі банкинг бөлімшесінің басшысы және Банктің ішкі саясаттарына сәйкес «Негізгі менеджерлер тобына» жататын және Басқарма төрағасы тағайындайтын және Директорлар кеңесі бекітетін негізгі лауазымдағы басқа да қызметкерлерді, Банктің еншілес ұйымы орналасқан елдің заңнамасына сәйкес жетекші қызметкерлер болып табылатын Банктің еншілес ұйымдарының басқа да лауазымдарына Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынғанша кандидаттар ұсыну.

3. Акционерлер АҚ туралы заңда, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болады.

18-бап. Банк акционерлерінің міндеттері

1. Банк акционерлерінің міндеттері:

- а) акцияларға төлем жасау;

- б) Банктің акцияларын ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде тіркеушіге және акционерлерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға хабарлау;
- в) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заң бойынша қорғалатын басқа да ақпаратты жарияламау;
- г) өкілетті мемлекеттік органның талабымен құрылтай құжаттарын және банктің ірі акционерлерін немесе олардың қаржылық жағдайын айқындау үшін қажетті басқа да ақпаратты беру;
- д) АҚ туралы заңға және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындау.

V-тарау. Банктің органдары. Банктің органдарын құру тәртібі, Банк органдарының құзыреті мен олардың қызметін ұйымдастыру тәртібі

19-бап. Банктің органдары

1. Банктің органдары:

- а) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
 - б) басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - в) атқарушы орган – Басқарма, оны Басқарма төрағасы басқарады;
 - г) бақылау органы – Ішкі аудит департаменті.
2. АҚ туралы заңға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Банк басқа да органдар құра алады.

20-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп тұруға міндетті. Акционерлердің қалған жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы төмендегі мәселелер бойынша шешім қабылдайды:

- а) Банктің жылдық қаржылық есепшілігін бекіту;
- б) аяқталған қаржылық жылдағы таза табысты бөлу тәртібін және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау;
- в) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының қызметіне қатысты шағымдарын және осындай талқылаулардың нәтижесін қарау.

Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлерге Директорлар кеңесі мен Басқарманың мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері мен құрылымы туралы хабарлайды.

Жылдық жалпы жиналыс Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы әрбір күнтізбелік жылдың 31 наурызына дейін, қоса есептегенде, өткізіледі.

21-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті

1. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- а) Банктің жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- б) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- в) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

- г) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- д) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- е) есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- ж) Директорлар кеңесінің құрамдық санын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақылардың мөлшерін және талаптарын анықтау;
- з) жылдық қаржылық есепшілікті бекіту;
- и) осы Жарғының 15-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайлар орнаған кезде Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;
- к) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес (25%) және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруда немесе қызметіне Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;
- л) Банк акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау формасын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
- м) АҚ туралы заңға сәйкес Банк акцияларды сатып алатын кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді (егер әдістемені құрылтайшылар жиналысы бекітпесе, онда оның өзін) бекіту;
- н) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- о) акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау; соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- п) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- р) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;
- с) Банктің есепті қаржы жылы ішіндегі таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау, Банктің бір жай акциясына шаққандағы төленетін дивиденд мөлшерін бекіту;
- т) Банк акцияларын ерікті делистингтеу туралы шешім қабылдау; және
- у) АҚ туралы заңға және осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын басқа да мәселелер.

2. Акционерлердің жалпы жиналысы осы Баптың 1-тармағының а) - г) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімді Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелер бойынша шешімдері, егер АҚ туралы заңда және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

3. Егер АҚ туралы заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғалардың және қызметкерлерінің құзыретіне берілмейді.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің басқа органдарының Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қабылдаған кез келген шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

22-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

Директорлар кеңесінің;

б) Ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

Ерікті таратылу жүргізіліп жатқан Банктің акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақырып, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделген.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын:

а) Банктің Басқармасы;

б) Банктің тіркеушісі өзімен жасалған шартқа сәйкес;

в) Директорлар кеңесі;

г) Банктің тарату комиссиясы әзірлеп, өткізеді.

4. АҚ туралы заңда белгіленген жағдайлардан басқа кезде Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Банк көтереді.

5. Банктің органдары Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

Банктің органдары Банктің ірі акционерінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған жағдайда, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Банктің ірі акционерінің шағымымен қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

23-бап. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын ірі акционердің бастамасымен шақырудың және өткізудің ерекшеліктері.

1. Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Банктің Директорлар кеңесіне Басқарма орналасқан жерге бағыттау арқылы қызмұны жиналыстың күн тәртібін қамтитын жазбаша хабарлама беру арқылы ұсынылады.

2. Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабымен шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібінің тұжырымдамасына өзгеріс енгізуге және олардың ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

Ұсынылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыратын кезде Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

3. Егер Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі акционерден (акционерлерден) түссе, онда ол талапта осындай жиналысты шақыруды талап ететін акционердің (акционерлердің) аттары (атаулары) мен оған (оларға) тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі керек.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ететін тұлға (тұлғалар) қол қоюы керек.

4. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдап, осындай шешімді қабылдаған күннен кейінгі үш жұмыс күнінен бастап шешімді өзгертпей өзінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізетіні немесе өткізуден тас тартатыны туралы қабылдаған шешімі жөнінде осындай талап берген тұлғаға хабарлама жіберуге міндетті.

5. Төмендегі жағдайларда, яғни:

егер осы өтініште белгіленген Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талапты беру тәртібі сақталмаған болса;

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне қосу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай болмаса, Директорлар кеңесі ірі акционердің талабымен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуден бас тартатыны туралы шешім қабылдайды.

Банктің Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне қарсы сотқа шағымдануға болады.

6. Егер АҚ туралы заңда белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаса, оны шақыруды талап ететін тұлға сотқа жүгініп, Банкке Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді міндеттеуді талап етуге құқылы.

24-бап. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі

1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың реестрлер жүйесінің деректерінің негізінде Банктің тіркеушісі жасайды. Осы тізімді жасайтын күн Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте болмауы керек.

Акционерлердің тізіміне қосылуға тиісті мәліметтерді өкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

2. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге қосылған тұлға Банктің өз меншігіндегі дауыс беруші акцияларын меншігінен шығарған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге беріледі. Бұл кезде акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар көрсетілуі керек.

25-бап. Жалпы жиналыс өткізілетін күн, уақыт және орын

1. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт ол жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың барынша көпшілігі қатыса алатындай етіп белгіленуі керек.

Акционерлердің жалпы жиналысы Басқарма орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуі керек.

2. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналыс өткізілетін уақыт есеп комиссиясына (жиналыс хатшысына) жиналысқа қатысушыларды тіркеу, олардың санын анықтау үшін, жиналысқа қатысушылардың санын есептеу және кворумды анықтау үшін жеткілікті уақыт болуын қамтамасыз етуі керек.

26-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат

1. Акционерлер өткелі жатқан Акционерлердің жалпы жиналысы туралы осындай жиналыс өткізілетін күннен кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде кемінде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабардар болуы тиіс.

2. АҚ туралы заңның талаптарына сәйкес мәліметтер көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама әрбір акционерге факс және жөнелтушіге жеткізу растауын ұсынатын халықаралық курьерлік компания арқылы жіберіледі. Мерзімдерді есептеу пошталық жазбаша хабарлама жіберілген күннен басталады.

Егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден артық болса, Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

27-бап. Акционерлердің қайтара өткізілетін жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысында кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізу өткізілмей қалған жалпы жиналыс күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін орнаған алғашқы жұмыс

күніне көшіріледі. Акционерлердің қайтара өткізілетін жалпы жиналысы өткізілмей қалған Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілуге тиісті болған уақытта және орында өткізіледі.

Акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілетіні туралы хабарламада осы Жарғының 30-бабының 2-тармағында көзделген Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізуге қойылатын талаптар көрсетілуі керек. Акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілетіні туралы хабарлама әрбір акционерге факс және халықаралық курьерлік компания арқылы жіберіледі.

Егер Банк акционерлерінің саны елуден артық болса, Акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілетіні туралы хабарлама «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмей қалған жиналыстың күн тәртібінен ерекшеленбеуі керек.

28-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрайды және онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізімін көрсетілуі керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Банктің ірі акционері немесе Директорлар кеңесі толықтыра алады, алайда бұл кезде мұндай толықтырулар туралы Банк акционерлеріне Жалпы жиналыс өткізілетін күннен кемінде он бес күн бұрын немесе осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен хабарлануы керек деген шарт орындалуы керек.

2. Іштей өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашатын кезде Директорлар кеңесі өзі күн тәртібін өзгерту туралы алған ұсыныстар туралы баяндауы керек.

3. Күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысқан дауыс беруші акциялардың жалпы санының басым көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

4. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және қосып есептегенде Банктің дауыс беруші акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) басым көпшілігі жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді талқылап, олар бойынша шешім қабылдауға құқықсыз.

29-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар сол мәселелер бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат беруі керек.

2. Банк органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар АҚ туралы заңның талаптарына сәйкес белгіленген ақпаратты жинақтауы керек.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар АҚ туралы заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді жинақтауы керек.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналыс өткізілетін күннен кемінде он күн бұрын дайын болып, Басқарма орналасқан жерде акционерлерге танысуға берілуі керек, ал егер акционер талап етсе – талап алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуі керек.

30-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы

1. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте Банктің дауыс беруші акцияларының елу (50%) және одан көп пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне қосылған өкілдері тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, олар бойынша дауыс беруге құқылы болады.

2. Төмендегі жағдайларда, яғни:

- а) егер кворумның болмауына байланысты өтпей қалған Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
- б) тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін Банктің дауыс беруші акцияларының қырық (40%) және одан көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), соған қоса сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе, Өткізілмей қалған жалпы жиналыстың орнына өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

3. Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде осындай бюллетеньдермен танылатын және Банк Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу сәтіне дейін алған дауыстар кворумды анықтайтын және дауыс беруді қорытындылаған кезде есепке алынады.

Сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін кезде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

31-бап. Есептеу комиссиясы (жиналыстың хатшысы)

1. Егер Банк акционерлерінің саны жүзден кем болса, есептеу комиссиясының қызметін Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүргізеді. АҚ туралы заң бойынша есептеу комиссиясына үміткерлерге қойылатын шектеулер сәйкесінше жиналыстың хатшысына да қатысты болады.

2. Есептеу комиссиясы (жиналыстың хатшысы):

- а) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттерін тексереді;
- б) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды береді;
- в) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің жарамдылығын айқындайды, жарамды бюллетеньдер мен оларда күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша көрсетілген дауыстардың санын есептейді;
- г) Акционерлердің жалпы жиналысының, соған қоса жиналыс өткізілетін барлық уақыт ішінде жиналыстың кворумын анықтайды және кворумның бар не жоқ екенін хабарлайды;
- д) Акционерлердің жалпы жиналысындағы акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;
- е) Акционерлердің жалпы жиналысы қарастыратын мәселелер бойынша дауыстарды есептейді және дауыс беру қорытындысын шығарады;
- ж) Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама жасайды;
- з) Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және дауыс берудің қорытындысы туралы хаттаманы Банктің мұрағатына тапсырады.

3. Есептеу комиссиясы (жиналыстың хатшысы) Акционерлердің жалпы жиналыстарында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың дұрыс болуын қамтамасыз етеді.

32-бап. Акционерлердің жалпы жиналысында өкіл болу

1. Акционер жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда талқыланатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Банк органдарының мүшелерінің, сондай-ақ басқа қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналыстарында акционерлердің өкілі болуға құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде іс-әрекет етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес сенімхатсыз акционердің атынан іс-әрекет етуге немесе оның мүддесін танытуға құқығы бар тұлғалар үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат ресімдеудің қажеті жоқ.

3. Ірі акционердің және (немесе) барлығы бірігіп акциялардың он және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің өкілі акционердің (акционерлердің) сенімхатта көрсетілген шешіміне сәйкес жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқауы болған кезде ғана жалпы жиналысты дауыс беру құқығына ие болады.

Банк акцияларының оннан кем пайызын құрайтын акциялар пакетін иеленетін акционердің және (немесе) Банк акцияларының оннан кем пайызын құрайтын акциялар пакетін бірлесіп иеленетін акционерлердің өкілі сенімхатта жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша шешімді жазбаша түрде көрсетпей-ақ акционердің (акционерлердің) мүддесін танытуға құқылы.

33-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі АҚ туралы заң, осы Жарғы және Банктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттары бойынша немесе тікелей Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашпас бұрын келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі өзінің Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге өкілеттерін куәландыратын сенімхатты көрсетуі керек.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқықсыз.

Егер осы Жарғы немесе іштей өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша басқаша көзделмесе, оған шақырусыз басқа да тұлғалар қатыса алады. Мұндай тұлғалардың Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы осы Жарғы бойынша немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады.

Қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау мақсатында өкілетті мемлекеттік орган Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін өз өкілін жіберуге құқылы. Өкілетті органның өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір айту құқығынсыз тек қадағалаушы ретінде ғана қатысады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде алдын ала жарияланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеуден өтіп, Акционерлердің жалпы жиналысының ашылу уақытын өзгерту туралы хабардар және оған қарсы болмаған жағдайлардан басқа кезде Акционерлердің жалпы жиналысын бұрын жарияланған уақыттан ерте ашуға болмайды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыстың төрағасын (президиумін) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын — ашық немесе құпиялы (бюллетеньдер бойынша) болатынын айқындайды. Акционерлердің жалпы

жиналысының төрағасын (президиумін) және хатшысын сайлау жөніндегі мәселе бойынша дауыс берген кезде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырған дауыстардың қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Жиналысқа қатысушы барлық акционерлер Басқарма мүшелері болған жағдайдан басқа кезде Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып жатқан мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге ұсынуға құқылы.

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзатын немесе бұл мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайлардан басқа кезде жиналыстың төрағасы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқықсыз.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жариялау және жұмыс уақытын ұзарту туралы, соған қоса акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді талқылауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап, олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана Акционерлердің жалпы жиналысын жабық деп жариялауға болады.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жиналыстың хаттамасында баяндалған мәліметтердің толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді.

34-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру өткізу арқылы да қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

2. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бір үлгідегі бюллетеньдер Акционерлердің тізіміне қосылған тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Банктің Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс берудің қорытындысына ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

3. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне қосылған тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде қырық бес күн бұрын жіберілуі керек.

Егер акционерлердің саны бес жүз акционерге тең не одан артық болса, Банк Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламамен бірге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде АҚ туралы заңға сәйкес мәліметтер көрсетілуі керек.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға акционер қол қойып, өзінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетуі керек.

Заңды тұлға акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрі басылуы керек.

Жеке тұлға акционердің немесе заңды тұлға акционердің басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ осындай заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды санаған кезде акционер бюллетеньде көрсетілген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін нұсқаларының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ғана есептеледі.

6. Егер бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылып жатқан Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін өзі келсе, оның бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының қворумын анықтайтын кезде және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санаған кезде есепке алынбайды.

35-бап. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

1. Төмендегі жағдайлардан:

а) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең үлкен саны шектелген;

б) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде кумулятивті дауыс берген;

в) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу жөніндегі процедуралық мәселелер бойынша бір дауыс берілген жағдайлардан басқа кезде Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция — бір дауыс» принципі бойынша жүргізіледі.

2. Кумулятивті дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстарды акционер тұтастай Директорлар кеңесіне бір үміткер үшін немесе Директорлар кеңесіне үміткер бірнеше тұлғаға бөліп бере алады. Ең көп дауысқа ие болған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған деп саналады.

3. Егер іштей өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүргізілсе, онда осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдер құпия тәсілмен дауыс беріліп жатқан әрбір мәселе бойынша бөлек жасалуы керек және онда АҚ туралы заңға сәйкес мәліметтер болуы керек.

4. Акционердің бюллетеньге өз алауымен қол қойғысы келген, соған қоса АҚ туралы заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Банкке талап қоятын жағдайлардан басқа кезде, іштей дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.

Іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеген кезде акционер бюллетеньде көрсетілген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін нұсқаларының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ғана есептеледі.

5. Дауыс беру қорытындысы осы дауыс беру жүргізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы аяқталған күннен кейінгі он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлерге хабарланады.

7. Дауыс беру қорытындысы бойынша есептеу комиссиясы (жиналыстың хатшысы) дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасайды және оған қол қояды, оған дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша акционерлердің ерекше пікірлері (ондай болса) туралы жазады, іштей құпия дауыс беруге және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдермен (соған қоса жарамсыз деп танылған бюллетеньдермен) бірге тігеді, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасымен бірге тігеді және Банктің мұрағатына сақтауға өткізеді.

36-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы

1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы керек. Хаттамада АҚ туралы заңның талаптарына сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- а) Жиналыстың төрағасы мен хатшысы;
- б) Есептеу комиссиясының мүшелері;
- в) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер (олардың өкілдері) қол қоюы керек.

Хаттаманың мазмұнымен келіспейтін жағдайда, хаттамаға қол қоюға өкілетті көрсетілген тұлғалар оған қол қоядан бас тартып, оның себебін жазбаша түрде түсіндіруі керек, ол хаттамаға тіркеледі.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындысы туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға және хаттамаға қол қоядан бас тарту себебін жазбаша түрде түсіндіруге берілген сенімхаттармен бірге тігілуі керек. Көрсетілген құжаттарды басқарма сақтап, кез келген уақытта танысу үшін акционерлерге беруі керек. Акционердің талабымен оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

37-бап. Директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі АҚ туралы заң және осы Жарғы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа мәселелер бойынша Банктің қызметіне жалпы басшылық жасайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері өкілетті мемлекеттік органның келісімімен лауазымға тағайындалады (сайланады). Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы бойынша белгіленген талаптарға сай болуын өкілетті мемлекеттік органның қаржы ұйымдарының жетекші лауазымдарына қызметкерлердің сәйкестігін анықтау жөніндегі комиссия анықтайды.

2. Директорлар кеңесі жанынан Комитеттер (өтемақы комитеті, стратегиялық басқару комитеті, аудиторлық комитет, активтер мен пассивтерді басқару комитеті және т.б. сияқты комитеттер) құруға болады. Мұндай комитеттерді құру және олардың қызметі туралы ережелер ету тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

38-бап. Директорлар кеңесінің құзыреті

1. АҚ туралы заңға сәйкес Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- а) Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- б) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- в) Банктің акцияларын орналастыру (іске асыру) және жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- г) Банктің жылдық қаржылық есепшілігін алдын ала бекіту;
- д) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- е) Ішкі аудит департаментінің сандық құрамын, өкілет мерзімдерін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит департаментінің жұмыс істеу тәртібін, Ішкі аудит департаментінің қызметкерлеріне төленетін жалақы мен сыйақы мөлшерлерін және төлеу талаптарын айқындау;
- ж) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілет мерзімін белгілеу және өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшыға төленетін жалақының мөлшері мен оны төлеу талаптарын белгілеу;

- з) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық бағасын бағалайтын бағалаушының көрсеткен қызметіне төленетін ақының мөлшерін белгілеу;
- и) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соған қоса Банктің бағалы қағаздарына жазылу мен аукциондар жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін құжаттарды бекіту;
- к) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы қағидаларды бекіту;
- л) Банктің міндеттемелерін оның меншікті капиталының мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;
- м) Банктің бұрынғы тіркеушісімен жасалған шарт бұзылған жағдайда, Банктің тіркеушісін таңдау;
- н) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заң бойынша қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- о) ірі мәмілелер және жасауға Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- п) Банктің орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алу туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- р) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын алуы туралы шешім қабылдау;
- с) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзырына жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- т) Басқарманың сандық құрамын, өкілет мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату. Басқарманың Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және оларға жалақы мен сыйақы төлеу талаптарын айқындау;
- у) АҚ туралы заңда және осы Жарғыда белгіленген және Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

2. Банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Банк Басқармасының шешуіне берілмейді.

3. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

39-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

1. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- а) жеке тұлға акционерлердің;
- б) акционерлердің мүддесін танытушы ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардың;
- в) саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспайтын басқа да тұлғалардың арасынан сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүргізіледі. Акционер өзінің меншігіндегі акциялар бойынша дауыстарын тұтастай бір үміткерге немесе Директорлар кеңесінің мүшесіне үміткер бірнеше тұлғаға бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған деп есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі болуға үміткер екі немесе одан көп тұлғалар бірдей дауыс жинаса, мұндай үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

3. Банктің Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

4. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде бес адам болуы керек. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы керек.

5. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында белгіленген.

40-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілет мерзімдері

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы және Банктің Жарғысы бойынша басқаша көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған тұлғаларды шексіз рет қайта тағайындауға болады.

2. Директорлар кеңесінің өкілет мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің өкілет мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамы тағайындау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтайды. Тәуелсіз директор бір (1) жыл мерзіміне сайланады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттерін тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттерін Директорлар кеңесінің мүшесінің бастамасымен мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама берудің негізінде жүзеге асырылады.

5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысындағы кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл кезде Директорлар кеңесінің жаңа мүшесінің өкілеттері тұтастай Директорлар кеңесінің өкілет мерзімінің аяқталуымен бірге тоқтайды.

6. Егер Акционерлердің жалпы жиналысы басқа шешім қабылдмаса, Директорлар кеңесінің (тәуелсіз директорлардан басқа) мүшелері өз міндеттерін ақысыз атқарады, алайда Банк Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың Директорлар кеңесі мәжілістеріне қатысқан кезде көтерген ақылға сыйымды ағымдағы шығындарын өтейді және Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын шешімдерге сәйкес тәуелсіз директорларға сыйақы төлейді.

41-бап. Директорлар кеңесінің төрағасы

1. Директорлар кеңесінің төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

2. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін өткізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3. Директорлар кеңесінің төрағасы болмай қалған жағдайда, оның қызметтерін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесі мүшесінің біреуі жүзеге асырады.

42-бап. Директорлар кеңесінің мәжілістерін шақыру

1. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның төрағасының немесе Банк Басқармасының бастамасымен немесе төмендегі тұлғалардың талаптармен шақыртылуы мүмкін:

- а) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- б) Ішкі аудит департаменті;
- в) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;
- г) Ірі акционер.

2. Директорлар кеңесінің мәжіліс шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісінде ұсынылатын күн тәртібі қамтылған тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаптармен Банктің Басқармасына шағымдануға құқылы, ол Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісін осындай талап түскен күннен кейінгі отыз күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Банктің Басқармасы шақыруы керек.

Директорлар кеңесінің мәжілісі оны шақыруды талап еткен тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.

3. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне мәжіліс өткізілетін күннен кемінде он күн бұрын немесе Директорлар кеңесінің арасында жазбаша түрде келісілген қысқа мерзім ішінде Директорлар кеңесінің қандай да бір мәжілісі өткізілетіні туралы жазбаша хабарлама жіберіледі, бұл кезде мұндай хабарлама Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне факс арқылы немесе жеткізу растауын ұсынатын халықаралық курьерлік компания арқылы Банктің құжаттарында көрсетілген немесе Директорлар кеңесінің осындай мүшесі жазбаша түрде Банкке мәлімдеген факс нөмірі немесе мекенжай бойынша жіберіледі. Мұндай кез келген хабарламада мәжілісте қаралатын мәселелердің толық тұжырымдалған күн тәртібі туралы ақпарат көрсетіліп, оған сол мәселелерге қатысты кез келген құжаттардың көшірмесі тігілуі керек.

Директорлар кеңесінің мәжілісі өткізілетіні туралы хабарламада мәжіліс өткізілетін күн, уақыт және орын туралы деректер көрсетілуі керек.

4. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтыны туралы алдын ала Директорлар кеңесіне хабарлауға міндетті.

5. Директорлар кеңесінің мәжілістері осы Жарғы тіркелген күннен кейінгі алғашқы жыл ішінде кем дегенде үш (3) айда бір рет, кейін кем дегенде әр тоқсанда бір рет, Директорлар кеңесі бірауыздан бекітетін жерде және уақытта өткізілуі керек. Егер Директорлар кеңесі осындай уақыт пен орынды белгілемесе, мәжілістер Банк орналасқан ерде өткізіледі.

6. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің құзыретіне жататын кез келген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын және Директорлар кеңесінің барлық мүшелері қол қоятын бірауыздан жазбаша шешім қабылдай алады.

43-бап. Директорлар кеңесінің мәжілістері

1. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мәжілістерінде төрағалық етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің мәжілістеріне телефондық немесе видеобайланыс немесе Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің даусын ести алатындай және мәжіліске осылай қатысатын Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі мәжіліске жеке өзі қатысты деп есептелетін электрондық байланыстың басқа құралдары арқылы қатысуға құқылы. Төраға мәжілістердің хаттамаларын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне барынша қысқа мерзімде, бірақ Директорлар кеңесінің әрбір мәжілісі өткізілгеннен кейінгі бес (5) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

2. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге кворум болу үшін мәжіліске кемінде бес (5) Директор қатысуы керек. Егер Директорлар кеңесінің қандай да мәжілісінде мүшелерінің жалпы саны кворум болуы үшін жеткіліксіз болса, мәжіліс осындай өтпей қалған мәжіліс күнінен бес (5) жұмыс күнінен кейін орнаған алғашқы жұмыс күніне ауыстырылады да, өтпей қалған мәжіліс өткізілуге тиісті уақытта және орында өткізілуі керек, алайда бұл кезде кворум болмауына байланысты өтпей қалған мәжілісті ауыстыру туралы хабарламада төменде көрсетілген ұсынысқа сәйкес қажетті кворумның кемітілуі мүмкін екені көрсетілуі керек. Ауыстырылған мәжіліс туралы

толық деректер Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне факс арқылы немесе жеткізу растауын ұсынатын халықаралық курьерлік компания арқылы Директорлар кеңесінің реестрінде көрсетілген немесе Директорлар кеңесінің осындай мүшесі Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне және Банкке басқа жолмен жазбаша түрде мәлімдеген факс нөмірі немесе мекенжай бойынша жіберіледі (бұдан кейін – «Директорлар кеңесінің ауыстырылған мәжілісін өткізу тәртібі»). Осындай ауыстырылған мәжілісті қайтадан шақырған кезде қажетті кворум Директорлар кеңесінің кемінде төрт (4) мүшесіне дейін қысқартылады және Директорлар кеңесінің мұндай мәжілісінде осындай мәжіліс туралы бастапқы хабарламада толық және дәйекті көрсетілген мәселелер ғана қаралады. Ауыстырылған кез келген мәжілісте кворум болмаған жағдайда, Ауыстырылған мәжілісті өткізу тәртібіне сәйкес келесі мәжіліс шақырылады да, оған алдыңғы сөйлемде көрсетілген кворумға қатысты талап қолданылады. Директорлар кеңесінің төрағасы осындай ауыстырылған мәжілісте қабылданған кез келген шешім туралы осындай мәжіліс өткізілген күннен кейінгі үш (3) жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жібереді.

Егер Директорлар кеңесінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қатарынан бес рет кворум болмаған жағдайда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

3. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер АҚ туралы заңда және осы Жарғыда басқаша белгіленбесе, Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің мәжіліске қатысатын мүшелерінің басым көпшілік даусымен қабылданады. Бұл кезде осы Жарғының 38-бабының 1-тармағында көрсетілген Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жататын мәселелерді бекіту үшін Директорлар кеңесінің кемінде бес (5) мүшесінің «иә» деген даусы немесе жазбаша келісімі қажет.

4. Директорлар кеңесі өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

5. Осы Жарғы бойынша Директорлар кеңесінің Директорлар кеңесінің қарауына қатысты мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқығы мен оның тәртібі көзделген.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім қабылданған деп есептеледі.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшы қол қоюы керек.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдермен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілуі керек.

6. Директорлар кеңесінің оның іштей өткізілген мәжілісінде қабылданған шешімдері хаттама түрінде ресімделеді, ол хаттаманы мәжіліс өткізілген күннен кейінгі бес күн ішінде мәжілісте төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қояды және онда АҚ туралы заңның талаптарына сәйкес мәліметтер болуы керек.

7. Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары мен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Банктің мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесінің талабымен хаттаманы танысу үшін Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) Банктің Директорлар кеңесінің хатшысының қолымен және Банк мөрінің бедерімен куәландырылған хаттаманы және

шешімді беруге және (немесе) Банктің Директорлар кеңесінің хатшысының қолымен және Банк мөрінің бедерімен куәландырылған хаттамадан үзінді көшірмені және шешімді беруге міндетті.

44-бап. Банктің Басқармасы

1. Басқарма Директорлар кеңесі тағайындайтын Басқарма Төрағасы мен Басқарманың басқа да мүшелерінен құралады.

Басқарма ағымдағы қызметті басқарумен айналысады.

Басқарма АҚ туралы заң, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілері және осы Жарғы бойынша Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер Банк мәміле жасаған сәтте тараптардың тиісті шектеулер туралы білгенін дәлелдей алса, Басқарманың Банк белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәмілелерінің жарамдылығына қарсы шағымдануға құқылы.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соған қоса Басқарманың басқа мүшесіне беруіне рұқсат етілмейді.

2. Банктің акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы болады.

Басқарма мүшесінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері АҚ туралы заң, Қазақстан Республикасының заң актілері, осы Жарғы, сондай-ақ Банк көрсетілген тұлғамен жасайтын еңбек шарты бойынша белгіленеді. Басқарма төрағасымен Банктің атынан жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе соған Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі өкілеттеген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

Банктің Басқарма төрағасының басқа заңды тұлғаның атқарушы органының жетекшісінің немесе жеке-дара атқарушы органының қызметтерін атқаратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

3. Банктің Басқармасының жиналыстарын қажет болғанда Басқарма Төрағасы немесе оның мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігінің талабы бойынша шақырылады.

Банк Басқармасы оның мәжілісіне оның мүшелерінің кем дегенде елу пайызы қатысқан кезде ғана өзінің құзыретіне кіретін және өзінің талқылауына ұсынылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға өкілетті.

Вето құқығы белгіленген мәселелер бойынша Банк Басқармасының шешімдері «алтын акция» иесімен келісілуі керек. Банк Басқармасының мәжілістерін Басқарма Төрағасы немесе оның орнына тағайындалған тұлға жүргізеді.

Банк Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Басқарма шешімдері Басқарманың қатысушы мүшелерінің жалпы санының басым көпшілік даусымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің даусы тең болған жағдайда, Басқарма төрағасы немесе оның орнындағы тұлға шешуші дауыс құқығына ие болады.

Банк Басқармасының мәжілістерінің міндетті түрде хаттамасы жүргізілуі керек және оны Банк қызметкерлерінің арасынан тағайындалатын мәжіліс хатшысы жүзеге асырады. Банк Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда, Басқарма мүшесі хаттамаға ерекше пікірді енгізуді талап етуге құқылы, ал хатшы оны енгізуге міндетті. Банк Басқармасының мәжілісінің хаттамасы ол өткізілген күннен кейінгі үш күннен кешіктірілмей ресімделеді және оған Банк Басқармасының Төрағасы немесе оның орнындағы тұлға мен мәжіліс хатшысы қол қояды.

Банк Басқармасының мәжілістерінің хаттамалары Банктің мұрағатында сақталады.

45-бап. Басқарма Төрағасының өкілеттері

1. Банктің Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

2. Басқарма Төрағасы:

а) Директорлар кеңесінің өкімдерінің орындалуы үшін және оның шешімдері мен саясаттарының жүзеге асырылуы үшін, сондай-ақ басшылықтың мақсаттарына қол жеткізу үшін, соған қоса Директорлар кеңесіне жалпы стратегиялық саясат пен қызмет жөнінен ұсыныс беру үшін, сонымен қатар ағымдағы қызметті басқару үшін Директорлар кеңесінің алдында (өз өкілеттерінің шегінде) жауап береді;

б) әрбір күнтізбелік айда Қызмет барысы туралы және Директорлар кеңесінің талабымен басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің алдында жазбаша түрде есеп береді, сондай-ақ Директорлар кеңесінің талабымен Директорлар кеңесінің кез келген мәжілісіне қатысады;

в) Директорлар кеңесі қабылдаған негізгі стратегиялық шешімдерге сәйкес және әрбір Бизнес-жоспарда және Бюджетте белгіленген негізгі мақсаттарды ескере отырып, сондай-ақ қолданыстағы Бизнес-жоспардың және Бюджеттің басқа да қағидаларын ескере отырып, Банктің және (немесе) Банктің еншілес ұйымдарының қызметіне ағымдағы басшылықты үйлестіреді;

г) әрбір күнтізбелік айдың соңында жиырма (20) күн ішінде ай сайынғы басқару есебін тапсырады, онда келісілген нысанда Негізгі менеджерлер тобы беретін ақпаратты сипаттайды;

д) Директорлар кеңесінің келісімен және (немесе) оның нұсқауымен Банкті және (немесе) Банктің еншілес ұйымдарын басқару және оған бақылау жасау үшін қажетті шараларды қолданады, соған қоса Банктің еншілес ұйымдарының жоғарғы қызметкерлері мен басшылығына үміткерлерді ұсыну және тағайындау, сонымен қатар практикалық, заңи және оперативтік мақсатта қажетті басқа да шараларды қолданады;

е) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да өкілеттерге ие, соның ішінде:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің мүддесін танытуға сенімхат береді;

4) Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, орнын ауыстыруды, жұмыстан босатуды, олармен жасалған еңбек шарттарын бұзуды жүзеге асырады (АҚ туралы заңда белгіленген жағдайлардан басқа кезде), оларға марапаттау шаралары мен тәртіптік жаза қолданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыға үстеме ақыларының мөлшерін белгілейді, Банктің Басқарма құрамына және Банктің Ішкі аудит департаментіне кіретін қызметкерлерден басқа қызметкерлерінің сыйақы мөлшерлерін белгілейді;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;

6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді бөледі, сондай-ақ олардың өкілеттері мен жауапкершіліктерінің аясын белгілейді;

7) Осы Жарғыда және Акционерлердің жалпы жиналыстары мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

45-1-бап. Басқарма мүшелерін лауазымынан босату

1. Басқарма Төрағасы міндеттерін орындамаған, алаяқтық танытқан, қасақана заңсыз іс-әрекет еткен және (немесе) күрделі ұқыпсыздыққа жол берген жағдайда, ірі

акционер Басқарма Төрағасын лауазымынан босату мақсатында Директорлар кеңесін шақыруды талап етуге құқылы.

2. Басқарма мүшесі міндеттерін орындамаған, алаяқтық танытқан, қасақана заңсыз іс-әрекет еткен және (немесе) күрделі ұқыпсыздыққа жол берген жағдайда, Директорлар кеңесі мұндай Басқарма мүшелерін лауазымынан босатады.

46-бап. Ішкі аудит департаменті

1. Ішкі аудит департаменті қызметкерлерінің сандық құрамы, лауазымға тағайындау және босату, жалақы мөлшері мен еңбекақы, сыйақы төлеу шарттары және оларға қатысты шара қолдану туралы мәселелер бойынша шешімдерді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

2. Ішкі аудит департаментінің құзыретіне банк қызметінің барлық бағыттары бойынша бақылау орнату және іс-шаралар жүргізу, бақылау іс-шараларын жүргізу барысында анықталған кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді жоюға талдау және мониторинг жүргізу арқылы Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау, ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру және енгізу жатады. Ішкі аудит департаментінің қызметінің нәтижесі Ішкі аудит департаментінің есебі түрінде ресімделеді.

3. Ішкі аудит департаментінің мәжілістерін қажетіне қарай Ішкі аудит департаментінің есебін келісу мәселелері бойынша Департамент директоры шақырады, бұл кезде тек мәжіліске Ішкі аудит департаменті қызметкерлерінің жартысынан көбі қатысқан кезде ғана шешім қабылдауға болады.

4. Ішкі аудит департаментінің әрбір қызметкері бір дауысқа ие. Ішкі аудит департаментінің шешімдері Ішкі аудит департаментінің мәжіліске қатысқан қызметкерлерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, Ішкі аудит департаменті директорының даусы шешуші болып табылады.

5. Ішкі аудит департаменті мәжілістерінің шешімдері Хаттама түрінде ресімделеді, оған Ішкі аудит департаментінің директоры мен Ішкі аудит департаменті қызметкерлерінің арасынан сайланатын мәжіліс хатшысы қол қояды.

VI-тарау. Банктегі есеп жүргізу және есепшілік. Ақпарат беру.

47-бап. Банктің қаржылық (операциялық) жылы. Есеп жүргізу және есепшілік.

1. Қаржылық (операциялық) жыл 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

2. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есепшілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес Банк Қаржылық есепшіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және Банктің барлық еншілес ұйымдарының ҚЕХС сәйкес есеп жүргізуін қамтамасыз етеді.

Банктің бухгалтерлік есеп жүргізу саясатын Директорлар кеңесі бекітеді.

48-бап. Қызмет нәтижесі туралы жылдық есеп (Жылдық қаржылық есепшілік)

1. Жылдық қаржылық есепшілік ҚЕХС сәйкес жасалады және оның құрамына бухгалтерлік баланс, кірісі мен шығысы туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталындағы өзгерістер туралы есеп және жылдық қаржылық есепшілікке түсініктеме хат кіреді.

2. Банк Басқармасы жыл сайын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудит қызметі туралы заңына

сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есепшілігін тапсырады. Басқарма жалпы жиналысқа қаржылық есепшілікпен бірге аудиторлық есебін де тапсырады. Банк қызметі туралы жылдық қаржылық есепшілікті Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде отыз күн бұрын Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі керек.

3. Банк жыл сайын өкілетті мемлекеттік органның келісімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде өзінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда - жылдық шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті соған қоса жылдық бухгалтерлік балансын, капиталындағы барлық өзгерістерді көрсететін есебін, ақша қозғалысы туралы есебін, кірісі мен шығысы туралы есебін, түсіндірме жазбаны және аудиторлық есепті аудиторлық ұйым (аудитор) онда көрсетілген мәліметтердің шынайылығын тексергеннен кейін және Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

Банк өкілетті мемлекеттік органның келісімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде өзінің қаржылық есепшіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін бухгалтерлік балансын, кірісі мен шығысы туралы есебін аудиторлық растаусыз тоқсан сайын жариялап тұрады.

4. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімдерді өкілетті мемлекеттік органға жылдық қаржылық есепшілігін тапсырады.

49-бап. Аудит

1. Жылдық қаржылық есепшілігін, сондай-ақ істерінің ағымдағы жағдайын Банктер туралы заңның талаптарын ескере отырып аудиторлық ұйым (аудитор) тексереді және олардың шынайылығын растайды.

2. Аудиторлық ұйым (аудитор) тексеру нәтижелері мен өзінің қорытындысын есеп түрінде көрсетіп, Директорлар кеңесіне және Басқармаға тапсырады.

3. Аудиторлық ұйым (аудитор) кез келген уақытта Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасымен Банктің есебінен немесе ірі акционерлердің бастамасымен солардың есебінен тексеру жүргізеді.

49-1-бап. Бизнес-жоспар

Әр жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей Банк Басқарма Төрағасының Банктің және Банктің еншілес ұйымдарының келесі жылға арналған жұмысының шоғырландырылған және оперативтік жоспарын, соған қоса жылдық шоғырландырылған балансын дайындап, алдымен Директорлар кеңесімен, кейін Акционерлердің жалпы жиналысымен келісуге береді. Банктің Басқарма Төрағасы тоқсан сайын осындай бизнес-жоспарға, оперативтік жоспарға және жылдық бюджетке толықтырулар енгізіп, оны алдымен Директорлар кеңесінің, кейін Акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне ұсынады. Осылай дайындалған кез келген шоғырландырылған және оперативтік жоспарлар Банк пен Банктің еншілес ұйымдарының өткен жылдардағы қызметінің нәтижелерінің негізінде жасалады және жоспарланып отырған күрделі шығындарға, активтер мен міндеттемелердің өсуіне, болжамдарға, оперативтік шығысқа, резервтерге байланысты мәселелерді сипаттайды және, Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен кезде, Банк пен Банктің еншілес ұйымдары үшін міндетті болып табылады (осындай бекітілген әрбір бизнес-жоспар, оперативтік жоспар және бюджет осы Жарғыда «Бизнес-жоспар және Бюджет» деп аталады). Егер кез келген күнтізбелік жылдың алғашқы жұмыс күнінде Директорлар кеңесі, кейін Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен жаңа Бизнес-жоспар мен Бюджет болмаса, онда өткен күнтізбелік жылдағы Бизнес-жоспар мен Бюджет (күтпеген және біржолғы шығыстар мен күрделі шығындардан басқа) қолданылады деп есептеліп, осы жылға

арналған Бизнес-жоспар мен Бюджет болып табылады және Директорлар кеңесі, кейін Акционерлердің жалпы жиналысы жаңа Бизнес-жоспар мен Бюджетті бекіткенше күшінде болады.

50-бап. Ақпарат беру. Банктің құжаттары

1. Банк акционерлерге олардың мүддесін қозғайтын Банк қызметі туралы төмендегі мәліметтерді жеткізуге міндетті:

- а) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;
- б) Акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығару, өкілетті мемлекеттік органның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындысы туралы есебін, бағалы қағаздарды өтеуінің қорытындысы туралы есебін бекітуі, өкілетті мемлекеттік органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- в) Банктің ірі мәмілелер мен Банк жасауға мүдделі мәмілелерді жасауы;
- г) Банктің меншікті капиталының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;
- д) Банктің қандай да бір қызмет түрлерін жүргізуге лицензия алуы, қандай да бір қызмет түрлерімен айналысуға бұрын алған лицензияларының күшін уақытша немесе мүлдем тоқтатуы;
- е) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- ж) Банктің мүлкіне қамау салынуы;
- з) Банктің баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлкінің жойылуына әкеп соққан төтенше сипаттағы жағдайлардың орнауы;
- и) Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- к) Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- л) сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы;
- м) оның акционерлерінің мүддесін қозғайтын басқа ақпарат.

Басқарма төрағасының шешімімен құпия сипаты бар және Банктің коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты беруге шек қойылуы мүмкін.

2. Акционерлердің мүддесін қозғайтын Банктің қызметі туралы ақпаратты беру АҚ туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады. Банктің қызметі туралы ақпарат «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Банктің қызметі туралы ақпаратты алу үшін акционерлер Басқарма Төрағасының атына жазбаша өтініш бере алады.

Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Банк корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша соттың тиісті хабарламасын (шақыртуын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде акционерлерге жеткізілуі керек.

3. Құжатайналым және құжаттарды сақтау Қазақстан Республикасының заңдарындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлерге құжаттардың көшірмелерін беру үшін алынатын ақыны Басқарма арасындай құжаттардың көшірмесін жасауға кететін шығынның, құжаттарды жеткізуге қатыланысты шығынның мөлшерінен аспауы керек.

4. Банктің аффилиатталған тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиаттығы туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Банкке өзінің аффилиатталған тұлғалары туралы ақпаратты жазбаша түрде тапсыруға міндетті.

VII-тарау. Банк қызметін тоқтату

51-бап. Ерікті түрде қайта ұйымдасу

1. Банктің ерікті түрде қайта ұйымдасуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы, қайта құрылуы) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі.

2. Банктің ерікті түрде қайта ұйымдасуы тек Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен және өкілетті мемлекеттік органның ерікті түрде қайта ұйымдасуға рұқсатымен ғана мүмкін болады. Қайта ұйымдасу туралы мәселені Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының талқылауына шығарады.

Ерікті түрде қайта ұйымдасуға рұқсат алу туралы өтініш беруге Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімінің болуы негіз болады.

Ерікті түрде қайта ұйымдасуды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша реттеледі.

3. Егер қайта ұйымдасудың нәтижесінде Банк өз қызметін тоқтатын болса, онда оның акцияларының күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуы керек.

52-бап. Таратылу

1. Банк:

- а) өкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен (ерікті түрде таратылу);
- б) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімімен (мәжбүрлеп тарату) таратылады.

2. Банк қызметін тоқтату, соған қоса банкрот болуына байланысты қызметін тоқтату Банктер туралы заңның талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

53-бап. Ерікті түрде таратылу

1. Өкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ерікті түрде таратылатын жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес несиегерлердің келісімімен және бақылауымен таратылу процедурасы айқындалып, тарату комиссиясы құрылады.

2. Банктік ерікті түрде тарату кезінде тарату комиссиясының қызметінің ерекшеліктері өкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері бойынша айқындалады.

3. Ерікті түрде таратылуға рұқсат алғаннан кейін Банк бұл туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз құралында жариялауға міндетті. Несиегерлердің шағымдарын мәлімдеу мерзімдері туралы тарату комиссиясы ресми баспасөз бетінде бұқаралық хабарлама жариялайды.

4. Тарату комиссиясын тағайындаған сәттен бастап оған Банкті басқару жөніндегі өкілеттер өтеді.

54-бап. Мәжбүрлеп тарату

1. Мәжбүрлеп таратуды:

- а) Банктің банкрот болуына;
- б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздермен Банктің банк операцияларын жүргізу қызметімен айналысуға құқық беретін лицензиясынан айырылуына;
- в) өкілетті мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың заң актілерінде көзделген басқа да негіздермен Банк қызметінің тоқтату туралы өтінішіне (шағымына) байланысты сот жүзеге асырады.

55-бап. Банкті банкрот деп тану

1. Банктің төлем жасауға қабілетсіздігі және дәрменсіздігі іс жүргізу нормативтерін есептеу әдістемесін (міндетті түрде орындалуға тиісті басқа нормаларды мен лимиттерді), Банк капиталының мөлшерін ескере отырып өкілетті мемлекеттік орган жасаған және сотқа берген қорытындысы бойынша айқындалады.

2. Банк тек сот шешімі бойынша белгіленген тәртіппен ғана банкрот деп танылады.

56-бап. Банк таратылған кезде несиегерлердің талаптарын қанағаттандыру

1. Тарату (конкурстық) масса Банктер туралы заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылады.

2. Мәжбүрлеп тарату кезінде несиегерлердің талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

3. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне сәйкес жазу жазылған сәттен бастап Банк өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

57-бап. Таратылатын Банктің мүлкін акционерлер арасында бөлу

Банктің несиегерлермен есеп айырысып болғаннан кейін қалған мүлкін тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акционерлер арасында бөледі.

Басқарма Төрағасы

Аднан Алли Ага




А. ДНАН АЛЛИ АГА

КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ

Согласовано
с Агентством Республики Казахстан
по регулированию и надзору финансового
рынка и финансовых организаций.

Председатель (Заместитель Председателя)



17.01.2011г.

**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
"КАЗИНВЕСТБАНК"**

Утвержден решением
Общего собрания акционеров
от «10» декабря 2010 года

Алматы, 2010 год

Настоящий Устав, является учредительным документом Акционерного общества "Казинвестбанк", именуемого в дальнейшем "Банк", определяет правовое положение, порядок организации и функционирования, реорганизации и ликвидации Банка, права, обязанности, условия защиты прав и интересов акционеров и третьих лиц, полномочия и ответственность органов и должностных лиц Банка.

Настоящий Устав разработан и утвержден в новой редакции в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 31 августа 1995г. N 2444 "О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан" (далее - Закон о банках), Законом Республики Казахстан от 13 мая 2003г. N 415-III "Об акционерных обществах" (далее - Закон об АО) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Глава I. Общие положения

Статья 1. Наименование Банка

1. Полное наименование Банка:

- а) на государственном языке: "Қазинвестбанкi" акционерлік қоғамы;
- б) на русском языке: Акционерное общество "Казинвестбанк";
- в) на английском языке: "Kazinvestbank" Joint Stock Company.

2. Краткое наименование Банка:

- а) на государственном языке: «Қазинвестбанкi» АҚ;
- б) на русском языке: АО «Казинвестбанк»;
- в) на английском языке: «Kazinvestbank» JSC.

Статья 2. Правовой статус Банка

1. Банк создан и действует в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Банк является казахстанским юридическим лицом, выпускающим акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности. Банк имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией юридического лица в качестве Банка в органах юстиции Республики Казахстан и наличием выданной уполномоченным органом по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – уполномоченный государственный орган) лицензии на проведение банковских операций.

2. Организационно-правовая форма Банка – акционерное общество.

3. Форма собственности Банка - частная.

4. Банк вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

5. Банк в своей деятельности руководствуется законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом и иными документами, разрабатываемыми Банком в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

6. Банк на основании решения Общего собрания акционеров (Протокол Общего годового собрания акционеров ЗАО «Казинтербанк» от 25 марта 1998 года) преобразован из Закрытого акционерного общества "Казахстанский Интернациональный Банк" (дата первичной государственной регистрации 18 мая 1994 г.) в Открытое акционерное общество "Казахстанский Интернациональный Банк". Банк является правопреемником Закрытого акционерного общества "Казахстанский

Интернациональный Банк" по всем его правам и обязанностям в соответствии с Передаточным актом, утвержденным решением Общего собрания акционеров (Протокол Общего годового собрания акционеров ЗАО «Казинтербанк» от 25 марта 1998 года).

